Д.А.ҚОНАЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЗАҢ АКАДЕМИЯСЫ
ЕВРАЗИЙСКАЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ АКАДЕМИЯ ИМЕНИ Д.А.КУНАЕВА

"ҚАДЫРҒАЛИ БИ ҚОСЫМҰЛЫ ЖАЛАЙЫРИ" ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД "ҚАДЫРҒАЛИ БИ ҚОСЫМҰЛЫ ЖАЛАЙЫРИ"

# ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ 550 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ - ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

# МАТЕРИАЛДАРЫ

# МАТЕРИАЛЫ

## МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ НА ТЕМУ: «ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ», ПОСВЯЩЕННОЙ 550-ЛЕТИЮ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

АЛМАТЫ 2015

**ӘОЖ 94(574):378**
**КБЖ 63.3(5Каз):74.58**
**Қ17**

**Жауапты редактор:** Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының ғылыми-зерттеу жұмысы проректоры, заң ғылымдарының докторы Алибаева Г.А.

**Қазақ хандығының құрылуының тарихи тамырлары:**халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары – Алматы, 2015.

ISBN 978-601-278-804-4

**30 қазан 2015 жылы** Д.А.Қонаев атындағы еуразиялық заң академиясы және «Қыдырғали би Қасымұлы Жалайыри» атындағы халықаралық қоғамдық коры қазақ хандығының 550 жылдығына орай **«Қазақ хандығының құрылуының тарихи тамырлары»** атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция жинағында тарих және құқықтану, саясаттану, филология мен этнография саласындағы қазақстандық ғалымдар мен Қырғызстан, Өзбекстан республикаларының құқықтану және тарих саласындағы ғалымдарының баяндамалары ұсынылды.

**ӘОЖ 94(574):378**
**КБЖ 63.3(5Каз):74.58**

**ISBN 978-601-278-804-4**

## ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

**Дербісәлі А. Б.** Даланың дара перзенттері ........ 5
**Мурзахмедова Г.М.** Особенности отражения исторической действительности в художественной литературе ........ 14
**Абдрасулов С. М.** Истоки управленческой культуры кочевых народов Евразии, на примере управленческой модели кыргызов ........ 22
**Скагиева Ә.С.** Қазақ хандығының құрылуының тарихи тамырлары ........ 31
**Әміре Ә.** Асыл арна ........ 37
**Ораз К.** Д.Қонаев И.Есенберлиннің «Қаһар» кітабын қорғауы ........ 61
**Нұрқасымов С.** Шыңғыс қаған – Ұлы бабам ........ 72
**Жандыбаев М.К.** Туранский вопрос ........ 84

## ҒЫЛЫМИ БАЯНДАМАЛАР

**Айтхожин К. К.** К истории становления бийского правосудия в Казахском ханстве ........ 102
**Әлдибеков Ж. С.** Қазақ хандығындағы билер атқарған мемлекеттік лауазымдар ........ 108
**Матаева М.Х.** Конституционное развитие Казахстана в годы правления Д.А. Кунаева ........ 114
**Климова Т.В.** Толерантность – генетический код казахского народа ........ 124
**Мағауова А.С.,Жапарова Н,Жапарова Ж.** Қазақ қоғамындағы тектіліктің орын алуы ........ 129
**Мағауова А.С., Жапарова Н. Е,Жапарова Ж.** Қазақ хандығы тұсындағы «Жеті ата мен шежіре» институтының қазақ қоғамындағы рөлі ........ 133
**Мағауова А.С. Жасузак М.Ш.** Абылай ханның саяси-тарихи тұлғасы ........ 138
**Мағауова А.С., Рахымбаева А.Т., Комаева М.С.** Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезов шығармаларындағы педагогикалық идеялардың сабақтастығын мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру ........ 144
**Омрали Ж.О.** Зарождение судебной системы в Казахстане в частности суда биев ........ 147
**АкимжановТ.К.** Уголовно-правовые и криминологические аспекты наказания: прошлое и настоящее ........ 163
**Алибаева Г.А., ИсабековаА.К.** Қазақ хандығындағы билердің алатын орны мен ролі ........ 173
**Варенникова С. П.** «Золотой век законности» в судопроизводстве биев ........ 179
**Куаналиева Г.А.** Билердің сөзі — ақылдың көзі ........ 183
**Кенесарина Р.Н.** Чингисхан и казахская государственность ........ 190

гражданских дел. Эреже по истечении некоторого времени фактически становилось постоянно действующим законом.

Применение норм казахского обычного права по уголовным делам в судах продолжалось до 1922 года, т. е. до принятия первых советских Уголовного Кодекса РСФСР и Уголовно-процессуального Кодекса РСФСР. Вместе с тем, обычное право, применявшееся в народных судах в условиях советской власти, было не то, которое применялось судами биев в условиях дореволюционного Казахстана. При советской власти нормы обычного права применялись народными судами в определенных ограниченных пределах, когда они не противоречили общим принципам советских законов, использовались в интересах трудящихся и борьбы за новый порядок.

Вышеизложенное свидетельствует о том, что в условиях средневекового казахского общества в судопроизводстве биев сформировались достаточно совершенные принципы и положения обычного права, трансформированные в настоящее время в нормы действующих уголовного и уголовно-процессуального законов Республики Казахстан.

**Список литературы:**


1.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб, 1832. Ч.3.

2.Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. – Алматы: Атамура, 2008.

3.Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Т.1, Алма-Ата, 1985.

4.Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 г. № 231-V.

5. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 г. № 226 -V.

6. Григорьев В.В. О скифском народе саках. СПб, 1871. Переиздание. Алматы, 1998.

7. Загряжский Г. Юридический обычай киргиз. Материалы для статистики Туркестанского края, вып. IV, 1876. Цитируется по монографии Культелеева Т.М. Уголовное обычное право казахов (с моментаприсоединения Казахстана к России до установления советской власти). – Алма-Ата, 1955.

8. ЦГИА, КазССР, ф. 64, д. 25, л. 17. Приводится по указанной монографии Культелеева Т.М.

9. Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов (с момента присоединения Казахстана к России до установления советской власти).– Алма-Ата, 1955.

10. ЦГИА УзССР, ф. 17, д. 3372, л. 27. Приводится по указанной монографии Культелеева Т.М.





**Қуаналиева Г.А.**

з.ғ.д., профессор м.а, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Кеден, қаржы жәнеэкологиялық құқық" кафедрасы


## Билердің сөзі — ақылдың көзі

Қазақстан Республикасында Қазақ хандығының 550 жылдығына орай көптеген маңызды іс-шаралар өткізіліп келеді. Оның өзі өткен тарихтың тамырына бойлау және жас ұрпаққа ата-дәстүрден қалған бай қазынаны дарыту екені анық. Мәселен, үстіміздегі жылдың мамыр айында рухани астанамыз болып саналатын көне Түркістан қаласында Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының ұйымдастыруымен «Қазақ құқығы мен билер сотының төрелігі – Қазақ мемлекеттілігінің феномені» деген тақырыпта халықаралық ғылыми конференция өткізілді. Қыркүйек айының 11 жұлдызында Астанада «Қазақ құқығы мен билер сотының әлем өркениетіндегі орны» атты Жоғарғы сот төрағасы Қайрат Мәмидің төрағалығымен халықаралық конференция болды. Әлемнің әр елінен келген судьялар мен ғалымдар қазақ даласындағы ежелгі билер сотының маңызын нақтылады. Мәселен, Ресей және Италия оқымыстылары қазақ билерінің құқықтық ережелері бүгінгі қоғамда кең қолданылатынын айтты. Бүгінде олардың билер сотының басқару жүйесі туралы бірқатар жинақтары жарық көрген. Сонымен қатар, еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында да халықаралық конференциялар өткізілуде. Солардың бірі, 30 қазан 2015 жылы Д.А.Конаев атындағы Еуразиялық заң академиясы мен «Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри» халықаралық қоғамдық қорының бірлесуімен «Қазақ хандығының құрылуының тарихи тамырлары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция абыроймен өткізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев: «Біздің сан ғасырлық тарихымыздағы биліктің дәстүрлі институттарына баға бергенде, біз селдіреген ағаштың арғы жағындағы қара орманды да көре білуіміз керек», - деп дәстүрлі институттарды зерттеу мәселесіне мән берген болатын [1, 227-228 бб.]. Әр халықтың өздері мақтан тұтатын, олардың ерліктері, жеңістері, жетістіктері үшін алғыс білдіретін есімдері болады. Қазақ жерінде де өсіп-өнген ұлы тұлғалар аз емес. Тарих тұңғиығында бізге дастан болар ата-бабаларымыз, атақты тарихи тұлғалар: қазақ халқының дамуына зор үлес қосқан және болашақ тарихтың қорытындысына әсер еткен тайпа көсемдер, билеушілер, батырлар, билер, аңызшылар, қоғамдық және мемлекеттік қайраткерлер көп болған. Олар ғасырлар бойы бірлікке, тұтастыққа талпынды және осыған үйретуден жалықпады. Бірлік, рухтық, адамгершілік, халықтың игілігі мен тұрақтылығы дала рухының өзіндік кодексінің негізі болып табылады. Қазақ билері олар ең алдымен халық өкілі, билерді құдалау халықты құдалау деп саналды. Сондықтан хандар әруақытта билердің ой-пікірлерімен, көзқарастарымен санасып, ақылдасып отырған. Ел тағдыры туралы хан шығаратын шешімдерге, талай билердің пікірлері арқау болғаны тарихқа мәлім жағдай. Батырлардың рухы да жеңіске шабыттандырады. XVII

қоғамдағы ерекше тұлғалар - батырлар институтын қалыптастырды. Сондықтан батырлар институтының басты қызметі - елді, мемлекетті, жер мен суды сыртқы жаулардан қорғау. Осыған орай қазақ халқының тарихындағы жаугершіліктің, сыртқы жаулардың шабуылдары күшейген кезеңдерде батырлардың да қоғамдағы орны арта түседі.

Е.Бекмахановтың пікірінше, батырлар институты әскери-феодалдық рубасылары ретінде қалыптасса, Н.Аполлова «XVII-XVIII ғасырларда батырлар әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан күшейеді» [8, 73-74бб.], Т.Шойынбаев «батырлар, мырзалар, тархандар, ақсақалдар мен билер жаңадан қалыптасып келе жатқан мемлекеттік аппараттың өкілдері болды», - деп атап өтеді [9, 31б.].

Жалпы алғанда, қазақ батырлар институтының гүлдену кезеңіндегі батырларды олардың қоғамдық ықпалының артуына байланысты үш топқа бөлуге болады: біріншісі, қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі ел азаттығын сақтап қалу жолындағы азаттық күресінің батырлары, екіншісі, Қазақстанның мемлекеттік тұтастығына қауіп төндірген Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы азаттық күресін жүргізген батырлар, үшіншісі, Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілісті бастаған батырлар.

Жетіншісі, би көріпкелдігі. Билердің болашақты болжай білуі, соған байланысты білімпаздық танытып, ұрпақтарға өсиет қалдыруы да тарихи мән-жайлармен дәлелденеді. Мәселен, Нияз бидің өлер алдында балаларын жанына шақырып алып, Ақмола өңірінің Тілеулі ұрпақтарына тарлық ететінін, олардың Торғай өңіріне де барып қоныстануын, сол жақтың оларға жайлы болатынын өсиет етіп айтып кетуі Нияз бидің ойшылдығының, көріпкелдігінің, келешекті болжай білетіндігінің дәлелі. Билер табиғат заңдылықтарын болжай білген, Ғылымнан, білімнен хабардар болып, пайымды пікірлер айтарда соларды салыстырмалы түрде пайдаланып, қанатты сөздерді ел жадында қалдырған.

Қазақ билерінің өзге де қасиеттері көп болған. Сайып келгенде, қазақ биі – көсем, дана, шешен, ақын, заңгер, елші, мәмілегер, батыр, саясаткер, қоғам қайраткері, ойшыл ғалым, психолог, әртіс, тәлімгер тәрбиеші және т.б.

Қазақ "қауымында билерге берілетін атақ-лауазымдардан басқа, олардың жеке басына тән әртүрлі қасиеттеріне қарап ат қойып, айдар тағу дәстүрі де болған. Билерге танылмайтын әртүрлі сипаттама аттар кейде олардың ресми атақ-лауазымынан да жиі айтылып, олардың ел ішіндегі бедел-абыройын айқындай түсетін бағалау (қазіргіше «имиджі») болып та саналған.

Билерді бұлайша бағалаудың өзі де әртүрлі мотивтерге байланысты болған, олардың бәрі халық ауыз әдебиетінде өз өрнегін тауып, би атақ-лауазымына лайықты тұлғалардың бойына тән мына төмендегідей ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан:

1) *Адамның бойындағы ең абзал зиялы қасиеттеріне* (ақыл-парасатына, игі-жақсы қасиетіне, тегіне т.б.) *байланысты: дана би, данышпан би, әділ би, текті би, ақылды би, айлалы би, тура би, шыншыл би және* т.б.



2)*Адамның табиғи талантына байланысты: шешен би, ділмар би, дулдул би және* т.б.

3) **Адамның жасына байланысты:** *бала би, жас би, қарт би, кәрі би және* т.б.

4)*Адамның өмір тәжірибесіне байланысты: сұңғыла би, майтымақ би, ықпалды би, тәжірибелі би және*

5) *Адамның мінез-құлқына, жағымсыз әдеттеріне байланысты: жымысқы би, даукес би, ұрдажық би, адуынды би және* т.б. [10].

Қазақ билері бүгінгі мемлекттік биліктің қызметтерін толықтай атқарды. Олар заң шығарушылық, атқарушылық, сот билігін айтып ел басқару қызметтерінің барлық түрлеріне араласты. Оған қоса мемлекеттің ұлттық идеологиясы мен ел бірлігі, әлеуметтік тұрмыс жағдайы туралы даналық ойлар айтып, ел болашағын болжауда, оған қажет қандай келелі істерді ынтымақтасып істеудің сара жолын бағыттап отырды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

2. Зиманов С.З. «Қазақтың билер соты-бірегей сот жүйесі». – Алматы, 2008. – 216 бет.

3. Зиманов С.З. Древний мир права. - Алматы: Деректер мен зерттеулер, 2003. - 460 с.

4. Нуркеева С. Токмеил и ее знаменитый сын Казыбек би //Аружан. № 10. - Алматы: 2008. - 36 с.

5. История Казахстана: народы и культуры: Учебное пособие //Масанов Н.Э. и др. - Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 302 с.

6. Дәуітов С. Төле би. - Алматы. - «Мұраттас» ҒЗО. -1991. 276 б.

7.Абылайдың ақ үйі – халқымыздың бақ үйідейтін болды енді бұл ғимаратты солтүстік қазақстандықтар // *egemen.kz/2008/31/12*

8. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XYIII в. – Алма-Ата: АН ССР, 1948. – 254 с.

9. Шоинбаев Т.Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. - Алма-Ата, 1982. – 279 с.

10. Әшімбаева Нағима "Бұрынғы қазақ қоғамындағы билер институты" *//www.mtdi.kz/til-bilimi*

**Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған**
**«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ»**
**атты халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференция**

***МАТЕРИАЛДАРЫ***

***МАТЕРИАЛЫ***

**международной научно-практической**
**конференции на тему:**
**«ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ТАРИХИ ТАМЫРЛАРЫ»,**
**посвященной 550-летию казахского ханства**

Басуға 02.11.2015 қол қойылды. Пішімі 60х84 1/16
Офсеттік қағаз. Есептік баспа табағы 17,25 б.т. Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 007548

Алматы қаласы, Шевченко 110, (Масаншы көшесінің қиылысы)
Тел. 8 (727) 327-41-95, сот.+7 (777) 214-02-50, +7 (707) 214-02-50
almaprintmaster@gmail.com